



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК
ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ
ОРТА ДЕҢГЕЙ
ЖАЛПЫ МЕҢГЕРУ**

ҚР СТ 1929-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана
Алғы сөз

1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы «24» қарашадағы №236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасы Конституциясының (7 бап), Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» Заңының; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді мен дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» нормалары іске асырылды.

4 ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2022 жыл
5 жыл

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесіне, ал өзгерістер мәтіні – «Мемлекеттік стандарттар» ай сайыңғы ақпараттық сілтемелеріне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Қазақ тілін меңгерудің орта деңгейінің жалпы сипаттамасы	3
5	Тілді үйренудің орта деңгейіне қойылатын талаптардың мазмұны	5
	5.1 Коммуникативті сөйлеу құзыреттілігінің мазмұны	5
	5.1.1 Сөйлеу интенциялары	5
	5.1.2 Коммуникативтік жағдаяттар	
	5.1.3 Қатысым тақырыптары	5
	5.1.4 Сөйлеу әрекетінің түрлеріне қойылатын талаптар	7
	5.1.4.1 Тыңдалым	8
	5.1.4.2 Оқылым	8
	5.1.4.3 Жазылым	8
	5.1.5.4 Айтылым	9
6	Тілдік құзыреттіліктің мазмұны	10
	Қосымшалар	15
	Библиография	20

Кіріспе

Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандарты Қазақстан Республикасы Конституциясына (7, 93-баптар); «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына; Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты тұжырымдамасына»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына»; Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы: «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты Жолдауындағы басым бағыттарға сәйкес әзірленген.

Аталған заңнамалық құжаттарда мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатының және тіл құрылысының басты мақсаттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау мәселелеріне айрықша назар аударылады. Шын мәнінде, соңғы жылдары қазақ тілін оқытып-үйрету сапалық жағынан жоғары деңгейлерге көтерілді, қоғам мүшелерінің қазақ тілін меңгеруге деген сұранысы мен ұмтылысында саналылық танылуда. Сұраныстар мен ұмтылыстар, негізінен, қазақ тілін мемлекеттік қызметте, халыққа қызмет көрсету орындарында, білім беру салаларында пайдалану үшін қажеттіліктен туындап отыр. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «ҚАЗТЕСТ» бағдарламасы бойынша мемлекеттік тілді білу сертификатын алған, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі 2017 жылға қарай – 50%, 2020 жылға қарай – 100% болуы тиіс» деген міндет елдің болашағы, татулық пен келісім жолында мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесінің маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Демек, осындай дәрежеге қол жеткізу үшін мемлекеттік тілді оқып-үйрену жеткіліксіз, оқып-үйренудің нәтижесін, қандайлық дәрежеде меңгерілгендігін бағалайтын, анықтайтын құжат қажет болады.

Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартын әзірлеуде әлемдік білім беру үдерісіндегі алдыңғы қатарлы жобалардың (Еуропалық стандарт) бағыттары мен мазмұны жан-жақты зерделенді, тілді үйрету мен алған білімді бағалаудың 6 деңгейі еуропалық стандарт деңгейлеріне сәйкестендірілді. Сонымен қатар біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесінде болуына байланысты және бұл фактор қоғам мүшелерінің қазақ тілін ресми және бейресми тілдік қарым-қатынастарда біршама дәрежеде толыққанды, еркін қолдана алуын қамтамасыз етуді қажет ететіндіктен, Ұлттық стандарттың мазмұны мен

құрылымында қазақ тілінің табиғи, лингво-мәдени және стандартты заңдылықтары мен ерекшеліктері (күнделікті тұрмыстық сөйлеу тіліне қатыстыларынан бастап ресми-іскери стиль, көркем әдеби стиль ерекшеліктеріне дейін) толық қамтылды және олар деңгейлердің мазмұны мен деңгейлер бойынша тілді меңгеруге қойылатын талаптарға қарай әдістеме ғылымының теориясы мен практикасы негізінде топтастырылды. Әрбір деңгей бойынша алған білімнің және тіл үйренушінің коммуникативтік-тілдік құзыреттілігі қалыптасуының көрсеткіші ретіндегі сертификат тіл үйренушіге берілетін нақты баға болып саналады.

Ұлттық стандарт мазмұны мен құрылымы бойынша тіл үйренушінің қазақ тілін қандай деңгейде меңгергендігін және оның коммуникативтік-тілдік құзыреттілігінің қандай дәрежеде қалыптасқандығын анықтау мен бағалауға толық мүмкіндік береді.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК
ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ. ОРТА ДЕҢГЕЙ. ЖАЛПЫ МЕНГЕРУ**

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу аясы

1.1 Осы стандарт:

- Қазақстан Республикасы азаматтарын қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде орта деңгейде оқыту мазмұнының;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін орта деңгейде меңгеру көлемін бағалаудың;
- қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырды;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ-тің орта деңгейге арналған тест тапсырмаларын қалыптастыру талаптарын белгілейді [4].

1.2 Осы стандарттың ережелерін қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытумен, Қазақстан Республикасында азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаумен айналысатын ұйымдар мен мекемелер және ұйымдастыру-құқықтық, бағыныштылық формаларынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін іске асырушы және мемлекеттік тілді оқыту мен Қазақстан Республикасында азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау қызметтеріне қатысатын өзге де жеке және заңды тұлғалар қолданады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжат қажет:

ҚР СТ 1926-2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру.

ЕСКЕРТПЕ: Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың жарамдылығын ағымдағы жылдың жағдайына қарай жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттаудың нормативтік құжаттары» атты ақпараттық сілтеме бойынша және ағымдағы жылда ай сайын басып шығарылатын ақпараттық сілтемелерге сәйкестігін тексеру қажет. Сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған жағдайда сілтеме берілген ережесі осы сілтемені қамтымаған бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1926-2015 бойынша терминдер қолданылады.

4 Қазақ тілін меңгерудің орта деңгейінің жалпы сипаттамасы

Орта деңгейде тіл үйренуші күнделікті тұрмыстық, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-әлеуметтік және кәсіби салалар бойынша жағдаяттардағы коммуникативтік қарым-қатынастарға араласа алатын білік-дағдысын одан әрі дамыта отырып, ресми, кәсіби салаларда өзінің нақты қажеттіліктерін орындай алуы қажет.

Ресми, кәсіби салаларда коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу (түсіну, түсіндіру, жауап қайтару, пікір білдіру, ақпаратты жеткізу, ойды логикалық түрде аяқтай алу) үшін осы деңгейге арналған тілдік құралдарды, тыңдаушыға ықпал ету құралдарын толық пайдалануы қажет.

Қазақ тілін орта деңгейде меңгеру сертификаты – тілді оқып-үйренудің ортадан жоғары деңгейіне апаратын нәтиженің көрсеткіші (сертификаттың үлгісі А қосымшасында көрсетілген).

Осы деңгейде тіл үйренушінің әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-әлеуметтік, ресми және кәсіби салалар бойынша қатысым жағдаяттарына тілді үйренудің орта деңгейіне сәйкес коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасады.

Тіл үйренуші:

- есту, көру, тыңдау, (оның ішінде массмедиа) арқылы алынған ақпаратты түсінеді және осы ақпаратты логикалық ойды аяқтап жеткізеді, осы ақпараттың мазмұны бойынша сұрақ-жауапқа қатысады, пікір алмасады;

- орта деңгей үшін белгіленген мәтіндерді оқып, мазмұнын түсінеді және оны талдай алады;

- күнделікті немесе кәсіби бағдарлы мазмұндағы бейімделген және нақты мәліметі бар, шағын көлемді түпнұсқа мәтіндерді түсінеді және талдай алады;

- орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды дұрыс қолданып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатысады;

- орта деңгейге сәйкес құжаттарды толтырып, орта деңгейге сай жазба жұмыстарын орындай алады.

Орта деңгейдегі сөздер мен сөз тіркестері 2 200-2 500 тілдік бірлікті құрайды.

Қазақ тілін орта деңгей көлемінде меңгерудің сипаттамасы сөйлеу әрекеттері бойынша №1-кестеде көрсетілген.

ТЫҢДАЛЫМ	Тіл үйренуші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бірқалыпты анық берілген кәсібіне, қызметіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын ақпараттар мен мәліметтерді, таныс тақырыптар бойынша дәрістер мен сұхбаттарды түсінеді.
ОҚЫЛЫМ	Тіл үйренуші күнделікті өмірде, ресми және кәсіби салаларда қолданылатын материалдарды (жеке хаттар, реттеуші қызметтік хаттар, ақпараттық-жарнамалық мәтіндер), таныс тақырыптар және елтаным бойынша мерзімді басылымдардағы көлемі шағын мәтіндерді оқып, өзіне қажетті ақпаратты алады, жалпы мазмұнын түсінеді және оны баяндап береді, біршама қорытынды жасай алады.
	Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым
	Тіл үйренуші орта деңгейге арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктер толық қамтылған бейімделген көлемді мәтіннен және шағын көлемді түпнұсқа мәтіннен өзіне қажетті ақпаратты таба алады.
	Ақпарат және дәлел, негіздеме алу мақсатындағы оқылым
	Тіл үйренуші белгілі бір көзқарасты дәлелдеуге бағытталған негізгі қорытындыларды мәтіннен таба алуы қажет. Мәтінде баяндалатын ақпаратты талдаулар ретін түсіне алады.
ЖАЗЫЛЫМ	Тіл үйренуші репродуктивті сипаттағы мәтінді құрастыра алады. Өзіне таныс және қызықтыратын тақырыптар бойынша шағын көлемді жазба жұмыстарын (эссе, қызметтік хаттар, жеке хаттар) жаза алады.
АЙТЫЛЫМ	Тіл үйренуші таныс тақырыптар бойынша диалогтерге алдын ала дайындықсыз қатыса алады; есту, оқу, көру, тыңдау арқылы алынған ақпараттар мен мәліметтердің мазмұнын логикалық ойды толық аяқтап баяндайды және түсіндіреді; таныс тақырыптар бойынша тыңдаған дәрістерді түсініп, мазмұнын жеткізе алады.

5 Тілді үйренудің орта деңгейіне қойылатын талаптардың мазмұны

5.1.1 Сөйлеу интенциялары

Орта деңгейде тілді үйренушінің сұхбаттасушымен сөйлеу актісіне қатысып, ақпарат алмасуға бағытталған, сұхбаттасушыға коммуникативтік

ықпал жасауға бағытталған реттеуші ниеттеріне, бағалау-эмоциялық және коммуникативтік-ақпараттық, сондай-ақ, ақпараттық-сипаттамалық ниеттеріне қатысты жағдаяттар мен тақырыптар көлемінде коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Осы мақсат үшін орта деңгейге арналған ресми және кәсіби салалардағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді (қарапайым және базалық деңгейдің материалдарын қоса есептегенде) толыққанды пайдаланады.

Базалық деңгей стандартында қамтылған сөйлеу актілері интенцияларының мазмұны орта деңгейдің мазмұны мен сипаттамасына қарай біршама толықтырылады.

Сұхбаттасушымен сөйлеу актісіне қатысып, ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар):

- коммуникацияға түсу (*қоғамдық және тұрмыстық қызмет көрсету орындарында, жұмыста, кеңседе, жиналыста, мәжілісте, конференцияда, семинарда, мекемелер мен ұйымдарда*);

- сұхбаттарды жүргізу әдебі, сұхбатты бастау, жалғастыру, аяқтау;

- ресми-іскери іс-шаралар (жиналыстар, мәжілістер және т.б.) ұйымдастыру және өткізу барысында қатысымға түсу;

- әлеуметтік желіде ақпарат беру/алу, электронды хат жазу, кәсіби-іскери дағдыларын дамыту;

- сөйлеу әдебі формалары: сәлемдесу және қоштасу түрлері (*сұхбаттасушының жас ерекшелігі, лауазымы, әлеуметтік орнына қарай*); танысу (*ресми және бейресми өзін таныстыру, басқа адамды таныстыру*); кешірім сұрау; тілек айту; алғыс білдіру; белгілі бір жағдаятқа сәйкес эмоциясын білдіру;

- қаратпа түрлері (*есімін, толық аты-жөнім айту, жеке қатысымдағы қаратпа сөздер, топқа айтылатын қаратпалар, таныс емес адамға айтылатын қаратпа формалары, телефон арқылы сөйлесу формалары, ресми және кәсіби қарым-қатынасқа арналған қаратпа сөздер*);

- құттықтау және алғыс білдіру (*мерекелер, кәсіби мерекелер, алғысхат, құттықтау хат түрлері*).

Сұхбаттасушыға коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған реттеуші ниеттер:

- әртүрлі жағдаяттардағы іс-әрекетті жүзеге асыруға өтініш білдіру;

- құттықтау, алғыс білдіру және шақыру түрлері (*ресми, бейресми*);

- әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары;

- келісу/келіспеу, мақұлдау/мақұлдамау, сенімсіздік білдіру формалары (*ресми, бейресми*);

- ресми және кәсіби салаларға қатысты жағдаяттарда кеңес беру, ұсыныс айту, талап ету, бұйрық беру формалары (*ресми, бейресми*);

- тілек, ниет, қалау түрлері (*өз бетінше, сұхбаттасушымен бірге немесе басқа адамдармен бірігіп жұмыс атқару, іс-шара орындау, өткізу*).

Бағалау-эмоциялық ниеттер (*іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі*):

- адамға, затқа, дерекке, оқиғаға пікір білдіру, қатысым жағдаяты мен сөйлеу әдебіне сәйкес бағалау;

- іс-қимылдың, оқиғаның немесе заттың артықшылығын/кемшілігін көрсету, жағымды/жағымсыз әрекетке баға беру;

- оқылған, тыңдалған, көрген ақпаратқа қызығушылық таныту;

- болжам жасау, оны растау немесе жоққа шығару;

- эмоциялық күй-қалыпты жеткізу (*қуану, таң қалу, өкіну, ренжу, ниет білдіру, кінәлау және т.б.*).

Коммуникативтік-ақпараттық және ақпараттық-сипаттамалық ниеттер:

- сөйлеу мақсатына сай қажетті ақпараттарды табу, іріктеу, саралау;

- қажетті білік-дағдылар (*өзі білетін ақпараттар мен мәліметтер бойынша пікір алмасу, пікір білдіру, қорытынды жасау, баяндау, мазмұнын айту, түсіндіру, дәлелдеу; қалыптасқан жағдайды, мәселені сипаттау; іс-әрекеттің орны мен мезгілін, себебін, мақсатын нақтылау*).

Тіл үйренушінің білуі тиіс сөйлеу әдебі:

- танысу кезіндегі қолданылатын сөйлеу әдебі;

- кездескенде, қоштасқанда, қаратпаларда қолданылатын сөйлеу әдебі;

- алғыс айту, кешірім сұрау кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі;

- өтініш айтқанда қолданылатын сөйлеу әдебі;

- кеңес беру кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі;

- шақыру кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі;

- құттықтау кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі;

- қарсылық білдіру әдебі;

- өзіне көңіл аударту немесе айтылған тілекке реакция жасауда қолданылатын сөйлеу әдебі.

5.1.2 Коммуникативтік жағдаяттар:

- қоғамдық орындар, ресми мекемелер мен ұйымдар (*халыққа қызмет көрсету салалары, орта және жоғары білім беру орындары, ресми мекемелер, министрліктер, ведомстволар, ұйымдар*);

- отбасылық қарым-қатынас (*отбасылық және күнделікті қарым-қатынас*);

- ресми-іскери қарым-қатынас.

5.1.3 Қатысым тақырыптары:

- өмірбаян және түйіндеме (өзі туралы, азаматтығы, ұлты, білімі, мамандығы, қызмет орны мен лауазымы, тағылымдама, қызығушылықтар, туыстары туралы мәлімет, мекенжайы);
- әріптеске сипаттама және мінездеме (әріптестің білімі, қабілеті, білік-дағдысы, тәжірибесі, перспективасы, жеке қасиеттері, сыртқы келбеті);
- отбасылық және туыстық қарым-қатынастар (туыстар туралы әңгіме, олардың тұрмысы мен мамандығы, жасы, олардың жеке қасиеттері мен сыртқы келбеттері туралы сипаттама, қызығушылығы және отбасындағы сыйластық);
- ресми және кәсіби қарым-қатынастар (жұмыс орны, лауазымы, жұмыс күні; басшымен, әріптеспен, ұжыммен, келушімен қарым-қатынас);
- мамандық және қызмет;
- елтаным (ел, тарих, география, табиғат, халық, мемлекет, қоғам және қоғамдық өмір, мәдениет, ғылым).

5.1.4 Сөйлеу әрекетінің түрлеріне қойылатын талаптар

5.1.4.1 Тыңдалым	
Тіл үйренуші кәсіби бағдарлы, бейімделген мәтіндерді және орта деңгейге сәйкес келетін түпнұсқа мәтіндерді тындап, түсіне алады. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы тыңдалған күнделікті оқиғалар туралы, кәсіби қызметке байланысты материалдарды (анық және орташа қарқында айтылған жағдайда) біршама көлемде түсіне алады; мәтіннің мағыналық бөліктерінен негізгі ақпаратты алады; мәтіндегі жекелеген айғақтарға қатысты сұрақтарға жауап береді.	
Диалог	Тіл үйренуші күнделікті өмірде, қоғам өмірінде, қызмет саласында таныс тақырыптар бойынша сұхбаттарға қатысады; сұхбат үдерісіне белсенді араласады, ойды жалғастырады, өз пікірін білдіреді, қорытады.
Мазмұны	әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби салалардағы қатысым үшін өзекті мәтіндер, монолог немесе диалог түріндегі ақпарат
Көлемі	15-20 тілдесім
Сөйлеу қарқыны	минутына 160-200 сөз
Тыңдалуы	1 рет
Монолог	Тіл үйренуші көрсетілген тақырыптар бойынша монологтердің мазмұнын, олардағы негізгі ойды, әрбір бөліктегі басты және қосымша ақпаратты толыққанды түсінуі керек.
Мазмұны	әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби

	салалардағы қатысым үшін өзекті тақырыптар
Мәтін түрі	хабарлау, сипаттау және баяндау, аралас мәтіндер. Мәтіндер орта деңгейге сәйкес лексикалық-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған, бейімделген, логикалық жағынан аяқталған мәтіндер және мазмұны жеңіл шағын көлемдегі түпнұсқа мәтіндер болуы тиіс.
Мәтін көлемі	120-200 сөз
Сөйлеу қарқыны	минутына 150-180 буын
Тыңдалуы	1 рет
Таныс емес сөздер көлемі	5-10%
5.1.4.2 Оқылым	
Тіл үйренуші орта деңгейге сәйкес келетін мәтіндерді оқып, танымдық, жағдаяттық, кәсіби мазмұндағы және эмоциялық басты және қосымша ақпараттарды түсінеді; негізгі идеясын түсініп, тақырыбын белгілейді; ақпарат мазмұнын бағалайды және қорытындылайды.	
Оқу түрі	танысып оқу, зерттеп оқу
Мәтін түрі	бейімделген мәтіндер, мазмұны жеңіл шағын көлемді түпнұсқа мәтіндер, аралас мәтіндер; ғылыми көпшілік және кәсіби мазмұндағы мәтіндер; ресми/бейресми сипаттау/баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндер, диалогтер, полилогтер (орта деңгейге сәйкес лексика-грамматикалық материалдар негізінде).
Мазмұны	әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби салалардағы қатысым үшін өзекті тақырыптар
Мәтін көлемі	150-200 сөз
Таныс емес сөздер көлемі	5-10%
5.1.4.3 Жазылым	
Тіл үйренуші оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі идеясын, оның бөліктерінің мағынасын түсініп, оған өзінің пікірін, бағасын білдіріп, орта деңгейге арналған лексикалық-грамматикалық материалдарды сауатты қолданып, жазбаша жұмыс жасауы керек; оқыған, тыңдаған мәтіндер негізінде жоспар немесе тезис құрастырады.	
Мәтін түрі	баяндау, сипаттау және пайымдау элементтері бар аралас мәтіндер; түпнұсқа мәтіндер
Мазмұны	әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби салалардағы қатысым үшін өзекті тақырыптар

Көлемі	150-200 сөз
Тыңдалуы	2 рет
Таныс емес сөздер көлемі	3%-ға дейін
5.1.4.4 Айтылым	
Диалог	<ul style="list-style-type: none"> - сұхбаттасушының сөзін және коммуникативтік мақсатын түсінуі керек; оның репликасына реакция жасай білуі қажет; - диалог құрылымын сақтай білуі тиіс (сұрақ қояды, сұраққа жауап береді); - таныс тақырыптар бойынша сұхбатқа алдын-ала дайындықсыз қатыса алады; - сұхбатты бастай/жалғастыра алуы; қатысым тақырыбы бойынша шектеулі мөлшерде коммуникативтік ниетін білдіре алуы керек.
Монолог	<ul style="list-style-type: none"> - ұсынылған тақырыпқа және берілген коммуникативтік тапсырмаға сәйкес монолог құрастыра алуы керек; - оқылған немесе тыңдалған мәтін негізінде коммуникативтік мақсат-ниеті айқындалған репродуктивтік сипаттағы монолог құрастыра алуы керек; - мәтін мазмұнындағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, қатынасын білдіре алуы керек.
Сөйленім көлемі	12-15 сөйлемнен кем болмауы тиіс
Мәтін түрі	баяндау, сипаттау, пайымдау элементтері бар аралас мәтін түрі; орта деңгейге сәйкес лексика-грамматикалық материал негізінде бейімделген мәтіндер
Мәтін көлемі	150-200 сөзге дейін

6 Тілдік құзыреттіліктің мазмұны

Тілді үйренушінің орта деңгейде тілдік құзыреттілігі тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тілдік бірліктерді білуі және оларды нақты коммуникативтік жағдаяттарда орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды біршама дәрежеде сақтай отырып қолдана алуы арқылы қалыптасады.

Тілдік құзыреттіліктің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология және синтаксис салалары бойынша мазмұны төмендегі №2-кестеде берілген.

№2-кесте

Тіл білімінің салалары	Мазмұны
Фонетика	<p>Үндестік заңы. Дыбыс үндестігі. Буын үндестігі. Емле. Айтылу нормалары. Ықпал түрлері: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал. Тасымал. Жалпы модальді сөйлемдердің интонациялық құрылымы. Қосымшалардың жалғануы емлесі. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар: <i>-гер (заңгер), -тай (әкетай)</i>.</p>
Сөзжасам және морфология	<p>Сөз құрамы Сөздердің негізі туралы түсінік. Күрделі сөздер (<i>Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Үкіметі, ұлттық компания, ресми мекеме, сауда орталығы, жоғары оқу орны, жоғары білім, орта білім</i>). Оларға қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.</p> <p>Зат есім</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы және жалқы зат есімдер, күрделі номенклатуралық атаулар (<i>Қазақстан Республикасының Үкіметі</i>); - көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі (<i>менің достар+ым</i>); - тәуелді септеу (<i>ұлттық компания қызметкерінің кабинеті; менің әріптесімнің кабинетіне</i>); - жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы (<i>Біз қалалық + пыз</i>); - зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары. Септеуліктер: <i>үшін, туралы, бойынша, сияқты, дейін, қарай, кейін, соң, бірге, таман, бастап, шақты, сайын, жөнінде, қарағанда</i>. <p>Атау септік Атау септіктегі сөздердің мағынасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қимылдың иесі (<i>Әріптесім жиналысқа кетіп бара жатыр</i>); - заттың деректі және дерексіз ұғымдардың атауы (<i>Бұл – орфографиялық сөздік</i>); - предикат белгінің иесі: <ul style="list-style-type: none"> а) акционалдық белгі (<i>Әкем жазып отыр</i>); ә) жағдаяттық белгі (<i>Әкем ұйықтап жатыр</i>); б) квалитативтік белгі (<i>Әкем шыдамды</i>); - жалқы және жалпы атауды нақтылайды (<i>Менің атым – Салтанат. Дүкеннің атауы – «Заңғар». Түркістан – тарихи қала</i>). <p>Ілік септік</p>

- меншіктік/иелік мағына (*мәжіліс хаттамасы, министрдің тапсырмасы*);
- жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы (*Бұл – Дарханның көлігі. Әріптесімнің кабинеті; ананың бақыты*);
- ай, күн, жыл атауларының берілуі (*2014 жылдың 15 тамызы*);
- заттың (жақ, тарап) анықтамасы (*Ақан серінің Құлагері*).

Барыс септік

- іс-қимылдың бағыты (*кітапханаға барды; театрға кетті; үйге дейін жаяу барамын*);
- іс-қимылдың объектіге бағытталғаны (*Тапсырманы Айдосқа бердік; Саған сыйлық сатып алдым. Мына сөздікті маған беріңізші. Оған жауап жазу керек*);
- іс-қимылдың мақсаты (*Астанаға іссапарға келді*);
- қозғалыс бағыты (*Көлік қалаға қарай кетті. Ертең Шымкентке кетемін*);
- қозғалыстың аяқталу нүктесі (*Театрға дейін қалай баруға болады?*);
- экспрессивті-модальдық құрылымдарда мүмкіндік (потенциал) субъекті: *Осы жолы мен сізге көмекші бола алмаймын. Балаға аңғалдық тән, қарттарға даналық жарасады*;
- мезгілдік мағына (*үш күнге, алты айға жоспарлау, кешке дейін аяқтау*);
- салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы (*Алматыға қарағанда Астана суық; бұған қарағанда, соған қарағанда, осыған қарағанда*).

Табыс септік

- іс-қимылдың объектісі (*Асқарды күтіп отырмын. Бұл ақпаратты газеттен оқыдым*);
- табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы – нөлдік форма (*Бүгін билет алдым; құжат тапсырды*).

Жатыс септік

- іс-қимылдың мекені (*Семинар Алматыда өтті*);
- іс-қимылдың мезгілі (*Сәрсенбіде келемін*);
- объектінің тиесілі болуы (*Кітап менде. Бұл құжаттың көшірмесі – Сұлтанда*);
- адам жасының кезеңдерін білдіреді (*Отыз бесінде елге танымал әнші болды*);
- *дағы/-дегі, -тағы/-тегі* формасы (*анықтауыштық*).

мағынасы): *Қазақстан Республикасының Түркиядағы елшісі; ағымдағы жыл; ауылдағы туыстар; орталықтағы пәтер; мекемедегі кездесу.*

Шығыс септік

- іс-қимылдың басталу көзі (*Жұмыстан кеш шықтым*);
- қозғалыстың шығу нүктесі (*Сіз оңтүстіктен келдіңіз бе? Сіз Тараздансыз ба?*);
- іс-қимылдың басталу мерзімі (*Биылдан бастап қазақ тілін үйреніп жүрмін. Былтырдан бері Алматыға барған жоқпын*);
- заттың неден жасалғаны (*Ғимарат кірпіштен тұрғызылған*);
- объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру (*Бұл ғимарат мына үйден биіктеу; Ағамнан гөрі әпкем жиі хабарласады*).

Көмектес септік

- іс-қимылдың құралы (*шаңғымен сырғанады; тарақпен тарайды*);
- бірлескен іс-қимыл (*Әкесімен ақылдасты; Мұратпен сөйлесу керек*);
- қимылдың тәсілі, амалы (*құрметпен қарсы алды, абыроймен атқарды; тасжолмен жүрді*).

Сын есім

Сын есімнің түрлері: сапалық сын есім (*қоңыр, толық, қиын*) және қатыстық сын есімдер (*үлгілі, көңілді, мәдениетті, биылғы жыл, көктемгі мезгіл, қысқы киім, жазғы демалыс*). Сын есімнің орын тәртібі: анықталатын сөздің алдында тұруы (*тәрбиелі бала, сыпайы жігіт*).

Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай (*үлкен + деу; жақсы + рақ*). Күшейтпелі шырай (*қып-қызыл, өте биік*). Күрделі сын есімдер (*сары ала, қара қоңыр, қоңыр қызыл, ұзын бойлы*).

Сан есім

Есептік сан есім. (1000-нан жоғары). Есептік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Реттік сан есім (1000-нан жоғары). Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Жинақтық сан есім (1-ден 7-ге дейін). Күрделі сан есім (*тоғыз жүз тоқсан сегіз; бір мың тоғыз жүз алтыс сегізінші жыл*). Топтау сан есімдері (*екі-екіден*). Болжалдық сан есімдер (*он шақты, жиырмаға жуық*).

Есімдік

Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері: жіктеу есімдіктері (*мен, сен, сіз, ол, біз, менің, маған, мені, менде, менен, менімен*). Сілтеу есімдіктері (*бұл, сол, мынау, анау*). Сұрау есімдіктері (*кім? не? қайда? қашан?*). Өздік есімдік (*өз, өзім*). Жалпылау есімдіктері (*бәрі, барлығы, барша, күллі, бүкіл*). Белгісіздік есімдіктері (*кейбір, біреу, бірнеше, әлденеше, әлдекім*). Болымсыздық есімдіктері (*ешкім, ештеңе, ешқашан, ешқандай*).

Етістік

Етістіктің шақ формалары: осы шақ (нақ осы шақтың жай түрі; күрделі түрі); өткен шақ (жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ); келер шақ/ауыспалы осы шақ.

Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері (*тыңдап отыр; ауырып жүр; демалып жатыр; күтіп тұр*). Етістіктің болымсыз түрі.

Етістік шақтарының жіктелуі (*күтіп отырмын, күтіп отырсың, күтіп отырсыз, күтіп отыр*).

Бұйыру, талап ету формасы.

Қалау, өтініш формасы (*отыра тұр, күте тұр; сыпайы түрі: рұқсат етіңізші*).

Қалау рай (*айтқым келді – айтқым келеді, барғың келді – барғың келеді*). Шартты рай (*Келсең жақсы болар еді; Демалысқа шықсам, ауылға барамын*).

Көсемше: - *ып/-іп, -п* (*тыңдап отыр*).

Есімше: - *ған/-ген, -қан /-кен*. Есімшенің анықтауыштық қызметі (*келген ақпарат, айтқан ұсыныс, қол қойылған хаттама*).

Тұйық етістік/қимыл есімі. Сабақты және салт етістік.

Етіс, ырықсыз етіс. Құранды етістіктер (*жақсы көру, еңбек ету, қызмет ету, көңіл бөлу, қамқор болу, өмір сүру, іске асыру*).

Үстеу

Үстеудің мағыналық топтары: мезгіл үстеу (*таңертең, бұрын, күндіз, жаздыгүні, күні бойы*), мекен үстеу (*жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, сыртта, ілгері*), сын-бейне үстеу (*әрең, ептеп, бірте-бірте*); мөлшер үстеу (*біраз, бірталай, қыруар, бірен-саран*), күшейткіш үстеу (*нағыз, керемет, сәл-пәл, тіпті*), мақсат үстеу (*әдейі, қасақана*).

Шылау

	<p>Себеп-салдар және қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар (<i>бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда</i>).</p> <p>Шектік (тежеу) демеуліктері (<i>ғана, тек қана</i>).</p> <p>Көмекші сөздер Көмекші есімдер (<i>айналасында, сыртында, маңайында</i>). Көмекші етістіктер (<i>деді, еді</i>).</p> <p>Одағай Көңіл-күй одағайлары (<i>Бәрекелді, алақай, қап</i>).</p> <p>Оқшау сөздер Қыстырма сөздер (<i>меніңше, біріншіден</i>).</p>
Синтаксис	<p>Жай сөйлем түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - хабарлы сөйлем; - сұраулы сөйлем; - бұйрық мәнді сөйлем; - болымсыз сөйлем; - жалаң сөйлем; - жайылма сөйлем. <p>Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі Бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібі (<i>Мейрамбек еңбек демалысына шықты</i>). Анықтайтын, нақтылайтын сөздердің орын тәртібі (<i>Білімді адамды бәрі құрметтейді. Аружан бес жүз сексен үшінші пойызға отырды. Біздің қаланың сыртында қалың орман бар</i>).</p> <p>Сөйлемдердегі логикалық, мағыналық қатынас түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - атауыштық қатынас (<i>мен жұмыс істеймін</i>); - предикаттық қатынас (<i>Келгенің жақсы болды; мына үй - біздікі; әпкем тұрмыста; тапсырма орындалды</i>); - предикаттың күрделенген түрі («... деп», «... екен», «... -уға болады», «... -у керек», «... деді»); - объектілік қатынас (<i>Тапсырманы жауапты орындайды</i>); - анықтауыштық қатынас (<i>Алтын сағат сыйлады</i>); - кеңістіктік қатынас (<i>Ержанның кабинеті төртінші қабатта орналасқан</i>); - мезгілдік қатынас (<i>Түске қарай жаңбыр жауды</i>); - себеп-салдарлық қатынас (<i>Тұман болғандықтан, ұшақ ұшады</i>).

	<p>Құрмалас сөйлемдер: Салалас құрмалас сөйлемдер: - ыңғайлас жалғаулықты; - қарсылықты жалғаулықты. Сабақтас құрмалас сөйлемдер: - себеп-салдар бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер; - мезгіл бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер.</p> <p>Төл сөз. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру амалдары.</p> <p>Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары (<i>сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде</i>).</p>
<p>Лексика</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және мәдени, әлеуметтік және кәсіби салаларда қолданылатын сөздер (<i>азамат, заң, шетелдік, қарыз, нарық, ай сайын, ыстық, суық, қысқарту, өсу, талап ету, көңіл бөлу</i>).</p> <p>Орта деңгейдің лексикалық минимумы – 2 200-2 500 тілдік бірлік шамасын құрайды. Бұл сөздердің нақты бір бөлігі заттың атын білдіретін сөздер (30%), қимылды білдіретін сөздер (30%) және зат пен қимылдың сынын білдіретін сөздер – үстеулер, сын есімдер (30%), қалған бөлігі – есім сөздер орнына жұмсалатын есімдіктер, көмекші сөздер.</p>

|

А қосымшасы
(ақпараттық)

Сертификат үлгісі

Серия	СЕРТИФИКАТ	№ 1484854
Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі - ҚАЗТЕСТ		
Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша Орта (B1) деңгейін меңгергендігін және тест бөліктерінен мынадай нәтижелер көрсеткендігін растайды.		
Бөліктер	Дұрыс жауаптардың пайыздық көрсеткіші	
1. Тыңдалым (30 тапсырма)	<u>22 балл (73,3 %)</u>	
2. Лексика-грамматика (70 тапсырма)	<u>68 балл (97,1 %)</u>	
3. Оқылым (50 тапсырма)	<u>44 балл (88 %)</u>	
4. Жазылым (3 тапсырма)	<u>46 балл (92 %)</u>	
Барлығы	<u>180 балл (90 %)</u>	
Ұлттық тестілеу орталығының өкілі: _____ 2015 жыл, 8 қазан		

Алматы, БФ-Зак,№044-13

Б қосымшасы
(ақпараттық)

**Мемлекеттік тілді біліктілік талаптарына сәйкес орта деңгейде
менгеруі абзал кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың
тізбесі**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР:

1) А-3, А-4, В-5, С-5, С-Р-4, С-О-5, D-4, D-5, D-О-4, D-О-5, Е-4, Е-5, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-2, С-ТК-4, С-ТК-5, С-ТКО-6, С-ТК-7 санаттарындағы мемлекеттік қызметкерлер;

2) құқық қорғау органдары:

С-FP-8, С-FP-7, С-FPO-8, С-FP-7, С-FPU-9, С-FPU-8, С-FPU-7, С-FPU-6 санаттарындағы құқық қорғау органдары қызметкерлері;

облыс прокуратурасының бөлім бастығы, облыс прокурорының көмекшісі, басқарманың, облыстық прокуратура бөлімінің аға прокуроры, басқарманың, құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті аймақтық органының аға прокуроры, облыстық прокуратура бөлімінің басқарма прокуроры, құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлім органының басқарма прокуроры;

әртүрлі дәрежедегі (облыстық, аудандық, қалалық) ішкі істер органдарының құрылымдық бөліністері бөлімдерінің бастығы және олардың орынбасарлары, тергеушілері, анықтаушылары, жедел уәкілдері, инспекторлары және аға инспекторлары, бас бухгалтерлері, қоғамдық қауіпсіздіктің, жол полициясының құрылымдық бөліністері бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, батальондардың командирлері, взводтардың бастықтары, аға инспекторлары, әртүрлі деңгейлердегі уақытша ұстау изоляторларының басшылары және олардың орынбасарлары, қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің құрылымдық бөлімдер басшылары және олардың орынбасарлары, түрлі дәрежедегі тергеу изоляторларының аға бақылаушылары, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметін талдау жасап, қорытындылап, жоспар құруға, әртүрлі дәрежедегі есептер әзірлеуге, құжат айналымына қатысты шешім қабылдау арқылы басқарумен байланысты барлық қызметкерлер;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдары мен ведомствоаралық бағынысты ұйымдардың (комитет, департамент, мемлекеттік мекеме, штаб, республикалық мемлекеттік кәсіпорны) түрлі дәрежедегі (облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық) басшылары және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлері, түрлі дәрежедегі өрт сөндіру бөлімдерінің аға офицерлік құрамы және жалпы төтенше жағдайлар саласы бойынша талдау жасап, қорытындылап, жоспар құруға, әртүрлі дәрежедегі есептер әзірлеуге, құжат айналымына қатысты шешім қабылдау арқылы басқарумен байланысты барлық қызметкерлер.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және басқа әскерлер мен әскери құрылымдардың аға офицерлік құрамы:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Штабтар басшылықтары, Комитет департаменттері, бас басқармалардың, басқармалардың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен тектерінің бас қолбасшылықтарының, өңірлік қолбасшылықтардың, Қорғаныс министрлігіне бағынысты барлық мемлекеттік мекемелердің, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің (басқармалар, бөлімдер), жоғары әскери оқу орындарының аға офицерлік құрамы мен әскери қызметшілері;

2) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының С-NSA-7, С-NSA-8, С-NSA-9, С-NSB-9, С-NSB-10, С-NSC-8, С-NSC-9, С-NSE-9, С-NSE-10, С-NSE-11, С-NSD-11, С-NSD-12, С-NSA-13, С-NSF-10, С-NSF-11, С-NSG-11, С-NSG-12, С-NSG-13, С-NSG-14, С-NSG-15, С-NSG-16, С-NSG-17, С-NSG-18 санаттарындағы әскери қызметшілері;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының командирлері және олардың орынбасарлары, басқарма офицерлері мен қызмет бастықтары (полк және батальон), полк сержанты және қызметі жоспар құруға, талдау жасап, қорытындылап, әртүрлі дәрежедегі есептер әзірлеуге, құжат айналымын жүргізу мен шешім қабылдауға байланысты әскери қызметшілер;

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі әскери бөлімдерінің аға офицерлік құрамы.

АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР:

1) G-8, G-9, G-10 санаттарындағы азаматтық қызметкерлер және азаматтық сала бойынша қызметі талдау жасап, қорытындылап, шешім қабылдау арқылы басқарумен байланысты барлық қызметкерлер:

колледждердің, жоғарғы оқу орындарының орыс тілінде дәріс беретін оқытушылары, қазақ тілді орта мектеп мұғалімдері, оқу және тәрбие бөлімінің меңгерушілері, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының кітапхана, мұрағат, зертхана, кеңсе меңгерушілері және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлері, оқу бөлімінің, кадр бөлімінің басшылары, кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтарының инспекторлары, аға инспекторлары, балалар, сәбилер үйінің, интернаттар, балабақша (балалар яслилерінің), мектептен тыс мекемелерінің меңгерушілері;

денсаулық сақтау, медицина, фармацевтика, санитарлық-эпидемиология, денсаулық сақтау саласындағы барлық құрылымдық бөлімдерінің бөлім меңгерушілері, дәрігерлері, сарапшы дәрігерлері, түрлі дәрежедегі емхана, аурухана, зертхана, медициналық орталық, медициналық пунктердің барлық деңгейдегі терапиялық дәрігерлері, бөлім меңгерушілері, барлық деңгейдегі жедел жәрдемдердің дәрігерлері, қарттарға арналған интернат-үйлерінде (жалпы типтегі), соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған мекемелерде жұмыс істейтін бөлім меңгерушілері, барлық

деңгейдегі терапиялық дәрігерлері, хирургия, педиатрия, акушерия-гинекология, стоматология, медициналық-профилактикалық (санитариялық-гигиеналық) дәрігерлер, дәрігерге қаралушы немесе емделушімен тікелей қарым қатынаста жұмыс жүргізетін эндоскопия, ультра дыбыстық, арнайы диагностикалық құрылғымен зерттеу дәрігерлері, клиникалық зертханалық диагностика орталықтарының дәрігерлері, жалпы клиникалық зерттеулер клиникалық биохимия, гематология, коагулология, цитология, генетика, молекулалық биология, бактериология, иммунология, изосерология, вирусология, микрология, паразитология, токсикология мамандары; медициналық қызмет сапасын, әскери медициналық, сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиалық сарапшы-дәрігерлер;

мемлекеттік республикалық, облыстық, қалалық, аудандық театр, мұражай, кинотеатр, театралдық-концерттік ұйымдардың режиссерлері, продюсерлері, кинорежиссерлері, музыкалық жетекшілері, қоюшы-операторлары; ана тілі мемлекеттік тіл болып саналатын барлық әртістер, актерлер, әншілер, музыканттар, музыкатанушылар, өнертанушылар, копозиторлар;

ақпарат және байланыс, пошта, телебайланыс саласы бойынша құрылымдық бөлім және бөлімше жетекшілері, теле-радио таратылым және байланыстың ақпаратты жинақтаушылары, менеджерлері, бұқаралық ақпараттар құралдарының ақпаратты жинақтаушылары, терушілері, баспа өнімдерін өндеушілері, түрлі дәрежедегі (қалалық, облыстық, аудандық) халыққа қызмет көрсету орталықтарының құрылымдық бөлім және бөлімше жетекшілері;

түрлі вокзалдар мен арнайы тұрақтар, әуежайлар, порттардың меңгерушілері, бас инженерлер, экипаж капитандары; халықаралық және туристік тасымалдау дирекциясының, жолаушыларға қызмет ету жөніндегі дирекцияның, билет кассасы (сапаржай, темір жол және автовокзал, қалалық билет кассалары), камералық сақтау орындарының, қалалық көлік маршрутының, көліктегі, байланыстағы орталық, бөлімше, қызмет, ауысым, станса меңгерушілері, көліктік бақылау комитетінің құрылымдық бөлімше басшылары және олардың орынбасарлары;

Ұлттық олимпиада комитетінің, спорт федерацияларының, спорт мектептерінің, олимпиадалық даярлау орталықтарының, спорттық көрініс мекемелерінің, стадиондар мен спорт сарайларының, құрылымдық бөлімше басшылары және олардың орынбасарлары, бас бапкерлері, спорт үйірмелерінің (секцияларының) басшылары және олардың орынбасарлары; біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: агрономдар, ветеринарлық фельдшерлер, зоотехниктер, геодезистер, инспекторлар және технологтар;

энергетика және атом саласы бойынша кіші электростанса, кіші атомдық электростанса бөлімдерінің басшылары және олардың орынбасарлары, минералды ресурстар саласы бойынша шахта, цех басшылары, бас инженерлері, тау-кен өндірісінің шеберлері, геохимик, геофизик, гидролог, кендердің және кен бөліктерінің басшылары.

ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:

1) Акциялардың отыз бес және одан да көп пайызы (қатысу үлесі) мемлекеттік болып саналатын мемлекеттік холдингдардың, ұлттық компаниялардың, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ішкі құрылымдық бөлім бастықтары және олардың орынбасарлары, пойыз құрамының бастығы және олардың орынбасарлары және қызметіне жоспар құруға, талдау жасап, қорытындылап, әртүрлі дәрежедегі есептер әзірлеуге, құжат айналымын жүргізу мен шешім қабылдауға байланысты қызметкерлері;

2) барлық дәрежедегі банктер мен олардың филиалдарының, қор биржаларының, аудиторлық және сақтандыру компанияларының құрылымдық бөлім басшылары, басқарма жетекшілері және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлері, экономистері, маркетингтіктері, аукционшылары, бағалаушылары, сақтандыру агенттері, сату агенттері, менеджерлері;

3) Қазақстан туристік ассоциациясының менеджерлері, орта санатты гидтері мен гид аудармашылары;

4) қонақ үйлер мен мейрамханалардың Қазақстандық ассоциациясының құрылымдық бөлім жетекшілері, супервайзерлері, маркетингтіктері, бас бухгалтерлері;

5) сауда орындарының директорлары және олардың орынбасарлары;

6) білім және ғылым саласындағы жоғары оқу орындарында білім алу мақсатымен келген шетел азаматтары;

7) халыққа қызмет көрсетумен байланысты жекеменшік кәсіп субъектілерінің барлық ішкі құрылымдық бөлім, басқарма жетекшілері және олардың орынбасарларына мемлекеттік тілді орта деңгейде меңгеру ұсынылады.

Библиография

- [1] Қазақстан Республикасының Конституциясы (7-бап).
- [2] Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 11 шілдедегі №151-1 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- [3] Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- [4] Требования по русскому языку как иностранному. Первый уровень. Общее владение. Второй вариант / Андришина Н.П. и др. – М. – СПб.: «Златоуст», 2006. – 32 с.
- [5] Қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайтын ҚР СТ 1926-2009, ҚР СТ 1928-2009, ҚР СТ 1929-2009, ҚР СТ 1925-2009, ҚР СТ 1927-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама (қазақ тілін шет тілін немесе екінші тіл ретінде әдістемесі негізінде) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2012 ж.
- [6] Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011.
- [7] Еуропалық тілдік портфелі, «Златоуст», 2006.
- [8] Д.Х. Ақанова, А.М. Алдашева, З.К. Ахметжанова, Қ.Қ. Қадашева, Э.Д. Сүлейменова «Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей». Оқу кешені. – Алматы қ., «Арман-ПВ» басылымы, 2002.
- [9] А. М. Алдашева «Қазақ тілі», 1998 ж.
- [10] З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.К. Әбдірәсілов «Қазақ тілі. Тестілеу әдістемесі: көмекші құрал». – Астана, 2007.
- [11] З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.К. Әбдірәсілов «ҚАЗАҚ ТІЛІ тестілеу теориясы мен практикасы: Көмекші құрал». – Алматы, «Құс Жолы», 2009.
- [12] З.С. Күзекова «Қазақ тілі практикумы. Грамматикалық жаттығулар», 2012 ж.
- [13] З.С. Күзекова «Қазақ тілі синтаксисі (функционалдық аспектіде)», 2015 ж.

ӘОЖ 811.512.122:81`37.046.14:006.354(574)

МСЖ 03.180

Түйінді сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, лексикалық минимум



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Коммуникативные языковые компетенции
владения казахским языком
СРЕДНИЙ УРОВЕНЬ
Общее владение**

СТ РК 1929-2015

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию
Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от «24» ноября 2015 года № 236-од.

3 В настоящем стандарте реализованы нормы Конституции Республики Казахстан (статья 7); Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-І; Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-ІІ; «Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы», утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110.

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2022 год
5 лет

5 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК 1929-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Средний уровень. Общее владение»

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Содержание

1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	1
3 Термины и определения	2
4 Общая характеристика среднего уровня владения казахским языком	2
5 Содержание требований к среднему уровню владения казахским языком	4
5.1 Содержание коммуникативной компетенции	4
5.1.1 Речевые интенции	4
5.1.2 Коммуникативные ситуации	6
5.1.3 Тематика коммуникации	6
5.1.4 Требования к видам речевой деятельности	7
Аудирование	7
Чтение	8
Письмо	8
Говорение	8
5.2 Содержание языковой компетенции	9
Приложения	17
Библиография	22

Введение

